

"Спорт резерві және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу процесін жүзеге асыратын дене шынықтыру-спорт ұйымдарында спорт түрлері бойынша спортшылардың жас шамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 42 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2023 жылғы 28 шілдедегі № 205 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 шілдеде № 33194 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Спорт резерві және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу процесін жүзеге асыратын дене шынықтыру-спорт ұйымдарында спорт түрлері бойынша спортшылардың жас шамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 20 қазандағы № 42 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9881 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген спорт резервін және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу процесін жүзеге асыратын дене шынықтыру-спорт ұйымдарындағы спорт түрлері бойынша спортшылардың жас шамасы:

реттік нөмірі 31-жол, алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы, реттік нөмірі 61-1- жолмен толықтырылсын:

"

61-1.	Американдық футбол (Флаг-футбол)	9-15 жас	9-15 жас	16-18 жас	16-18 жас	-	-	-	-	18 жас	18 жас
		с	с	ас	ас					ан	ан

";

реттік нөмірлері 92 және 93-жолдары, мынадай редакцияда жазылсын:

"

92.	Пенчак Силат (Тунгал, Регу, Ганда,	7-9 жас	7-9 жас	10-11 жас	10-11 жас	12-13 жас	12-13 жас	14-16 жас	14-16 жас	17-45 жас
				ас	ас	ас	ас	ас	ас	ас

	Соло креатив)										17-45 жас
93.	Пенчак Силат (Тандинг)	-	-	10-11 жас	10-11 жас	12-13 жас	12-13 жас	14-16 жас	14-16 жас	17-45 жас	17-45 жас

" ;

реттік нөмірі 102-жол, өзгеріс орыс тілінде енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

реттік нөмірлері 104 және 105-жолдары, мынадай редакцияда жазылсын:

"

104.	Жауынгерлік самбо	-	-	-	-	17-18 жас	17-18 жас	19-23 жас	19-23 жас	24 жастан	24 жастан
105.	Жауынгерлік жекпе-жектің аралас түрлері (ММА)	-	-	-	-	16-17 жас	16-17 жас	18-20 жас	18-20 жас	2 1 жастан	2 1 жастан

" ;

реттік нөмірі 115-жол, мынадай редакцияда жазылсын:

"

115.	Таэквондо ИТФ (I.T.F.)	10-11 жас	10-11 жас	12-13 жас	12-13 жас	14-15 жас	14-15 жас	16-17 жас	16-17 жас	18-34 жас	18-34 жас
------	------------------------	-----------	-----------	-----------	-----------	-----------	-----------	-----------	-----------	-----------	-----------

" ;

реттік нөмірі 141-жол, мынадай редакцияда жазылсын:

"

141.	Жекпе-жек	-	-	-	-	-	-	19-23 жас	19-23 жас	24 жастан	24 жастан
------	-----------	---	---	---	---	---	---	-----------	-----------	-----------	-----------

" ;

Ескертуде:

3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жоғары спорттық шеберлік мектептерінде юниорлар, жастар және ересектер жасындағы спортшыларды спорттық даярлау жүзеге асырылады;"

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықпен көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 30 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылатын осы бұйрықтың 1-тармағының он екінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
Министрінің міндетін атқарушы

С. Құранбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі